



БҰЙРЫҚ
ПРИКАЗ

25.06.2025 ж

Шымкент қаласы

№169 н/қ

город Шымкент

Г Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі бекітілсін.

3. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу іс-шара жоспарына сәйкес, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жұмысына ішкі талдау жүргізілсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.



Басшының міндетін
уақытша атқарушы

Қ.Б.Абенов



«БЕКІТЕМІН»

Түркістан облысы ДСБ
«Облыстық психикалық денсаулық
орталығы» ШЖК МКК-ның басшысы

Ғ.М.А. Қ.Б. Абеновтың

«25» маусым 2025 жылғы

№169 н/қ бұйрығына

№1-қосымша

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамы:

№	Аты-жөні	Лауазымдық міндеті
1	Наркабулов Айдынбек Аманбекович	Басшының ұйымдастыру әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
2	Нурметова Мухаббат Азатбековна	Кадр бөлімінің бастығы
3	Аймаханбетова Даметкен Алмахановна	Бөлім меңгерушісі
4	Мауленова Қарлығаш Түребековна	Бас бухгалтер орынбасары
	Едіге Жансая Еркінқызы	Комплаенс - офицері



«БЕКІТЕМІН»

Түркістан облысы ДСБ
«Облыстық психикалық денсаулық сақтау басқармасының
орталығы» ДЖК АЖК-нің басшысы
А.М.А. К.Б. Абенетовтың

«25» шілдесі 2025 жылғы
№169 н/қ бұйрығына

№2-қосымша

«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл»
төртінші базалық бағыттың (ҮББ-4, ТБН-4) жобаларын орындау
шеңберінде Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу

КЕСТЕСІ

№	Мекеме атауы	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау кезеңі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қамту кезеңі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою кезеңі
1.	Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	02.07.2025 – 13.08.2025	2024 – 13.08.2025	11.09.2025 - 11.12.2025